

**І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

Е.С. БЕЛГІБЕКОВ

**КРИМИНАЛИСТИКА МЕН ҚЫЛМЫСТЫҢ
ЖЕКЕЛЕГЕН ТҮРІН ТЕРГЕУ
ӘДІСТЕМЕСІ**

Оқу құралы

Талдықорған, 2013

УДК 343 (075)
ББК 67.52 я73
Б41

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
ғылыми Кеңесі шешімімен оқу құралы ретінде ұсынған.
(№5 хаттама, 26.06.2013ж.)

Пікір жазғандар:

Е.Ш. Дүсіпов – заң ғылымдарының докторы, профессор

Е.Ж. Бейісов – заң ғылымдарының кандидаты, доцент

Белгібеков Е.С.

Б41 Криминалистика мен қылмыстың жекелеген түрін тергеу әдістемесі:
оқу құралы. / Белгібеков Е.С. –Талдықорған: І.Жансүгіров атындағы ЖМУ.
2013. -100 б.

ISBN978-601-216-204-2

Оқу құралы “Криминалистика және қылмыстардың жекелеген түрлерін тергеу әдістемесі” курстар бойынша және Қазақстан Республикасының заңдарына негізделіп жасалған.

Бұл оқу құралы студенттерге, магистрлерге, доктарантура тындаушыларына және құқық қорғау органдары қызметкерлеріне арналған.

УДК 343 (075)
ББК 67.52 я73

ISBN 978-601-216-204-2

© Белгібеков Е.С., 2013.

© «Жетісу университеті» баспа бөлімі.Талдықорған. 2013.

Мазмұны

Кіріспе.....	4
1 – Тарау. Криминалистика ұғымы, сипаттамасы.....	5
2 – Тарау. Криминалистикалық теңестіру (идентификация және объектілері).....	8
3 – Тарау. Криминалистикалық болжаудың (диагностиканың) теориясы..	12
4 – Тарау. Криминалистикалық техника.....	14
5 – Тарау. Криминалистикалық фотография.	19
6 – Тарау. Трассология.....	27
7 – Тарау. Саусақ іздерін алу әдістемесі.....	37
8 – Тарау. Бұзу құралдары	42
9 – Тарау. КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ІЗДЕРІ.....	43
10 – Тарау. МИКРОБӨЛШЕК ТҮРІНДЕГІ ҚЫЛМЫС.....	44
11 – Тарау. СУЫҚ ҚАРУЛАР.....	44
12 – Тарау. Сот баллистикасы.....	47
13 – Тарау. Ату қаруы әсерінен адам өлімі.....	55
14 – Тарау. Арақашықтағы адам денесінде бытыраның шашырау аумағы.....	55
15 – Тарау. Криминалистік тактиканың түсінігіжәне жалпы ережелері....	57
16 – Тарау. Оқиға болған жерді қарау тактикасы.....	65
17 – Тарау. Тінту және алу тактикасы.....	71
18 – Тарау. Жауап алу тактикасы.....	72
19 – Тарау. Беттестіру тактикасы.....	76
20 – Тарау. Ұстау тактикасы.....	78
21 – Тарау. Тергеу болжауының және тергеу жоспарының түсінігі, олардың өзара байланысы.....	82
22 – Тарау. Кісі өлімін тергеу әдістемесі.....	86
23 – Тарау. Жол көлік оқиғасын тергеу әдістемесі.....	90
24 – Тарау. Пара алу ісін тергеу әдістемесі.....	93

КІРІСПЕ

Бұл «Криминалистика мен қылмыстардың жекелеген түрлерін тергеу әдістемесі» курсы бойынша иллюстрацияланған оқу құралы, «Криминалистика» және «Қылмыстың жекелеген түрлерін тергеу әдістемесі» оқу курстары бойынша әр тақырыпқа схема және суреттелген түрде жасалып, аталған курстардың барлық тақырыптарын қамтыған.

Оқу әдістемелік құралдың ерекшелігі студент оқу дәріс тақырыбын өткен соң, осы құралды іс тәжірибе, студенттің өздік жұмысы, студенттің оқытушымен бірлесіп атқаратын жұмыстарында пайдалануына мүмкіндік туады және оған бағыт-бағдар береді.

Әр тақырыптың схемамен, сурет түрінде иллюстрацияланып көрсетілуі, дәріс тақырыбының студент санасында толықтай сақталуына мүмкіндік береді.

Оқу құралын студенттердің оқу процесіндегі әртүрлі оқу әдістеріне: дәріс, семинар, өздік жұмыс, курстық, дипломдық жұмыстарды т.б. игеру және жазу барысында пайдалануына болады.

Оқу құралының мазмұны логикаға негізделген, бірізділікпен құрылған, сондықтан оқырмандар пайдасына асатын сөзсіз.

1 – ТАРАУ

Криминалистика ұғымы, сипаттамасы.

Криминалистиканың теориялық және әдістемелік негіздері

Қылмыстық оқиға бір немесе бірнеше адамдардың белгілі бір іс-әрекет қимылдарынан құралады. Сондықтан қылмыс қандай түрде жасалса да, ол айналадағы ортаға әсер етіп, өзінің іздерін қалдырады. Ол іздер бір объектінің таңбасы, келбеті яғни, аяқтың, қолдың тағы басқалардың іздері.

Жалпы криминалистикалық мағынада қылмыстың ізі ұғымы: оқиға болған жерде қалған жеке заттар, қираған, сынған нәрселер және қылмысқа байланысты сол маңда болған өзгерістер. Осы іздерді, оқиға болған жерден табылған заттай дәлелдерді салыстырып талдау, тексеру арқылы қылмыстың қалай жасалғанын анықтап, оның тетігін болжауға болады.

Заттай дәлелдемелерді, іздерді, әсіресе көзге көрінбейтіндерін анықтау өте қиын. Ал кейбір мән-жайды анықтау үшін күрделі жұмыс атқаруға тура келеді. Сондықтан оларды іздеп тауып, заңда көрсетілген тәртіппен бекіту үшін арнаулы әдістер мен құралдарды пайдалану қажет. Осы іздерді, заттай дәлелдемелерді табу, бекіту, алу мен зерттеу әдістерінің және сол үшін керекті техникалық құралдарды қолдану тәсілдерін криминалистика пәні оқытады.

Сонымен криминалистика адамдардың іс-әрекетін зерттейді, тергеушінің қылмысты ашуға байланысты жүргізетін криминалистикалық тәсілдері мен әдістерін реттейді және әдістер мен тәсілдердің қылмыстық заңға сәйкес болуын талап етеді.


Әдістер мен тәсілдер қылмысты болдырмауға, алдын-алуға, тек тергеуде ғана емес сот мәжілісінде, сот әрекетін жүргізгенде де пайдаланылады.

Осы көрсетілгендердің негізінде криминалистика - қылмысты ашуға және тергеуге керекті заттай дәлелдемелерді процессуалдық заңға сүйене отырып, іздеп табу, бекіту, алу, зерттеу үшін пайдаланылатын техникалық құралдар, техникалық тәсілдер мен тергеу әдістемелері жөніндегі ғылым.

Криминалистика мына жүйелерден құралады:

- Криминалистиканың теориялық және әдістемелік негіздері.
- Криминалистикалық техника.
- Тергеу тактикасы.
- Жекелеген қылмыстарды тергеу тактикасы.


1.1 Криминалистика жүйесі



1.2 Криминалистиканың басқа да ғылымдармен байланысы



1.3 Криминалистикада қолданылатын ғылыми - танымдық әдістер



2- ТАРАУ

Криминалистикалық теңестіру (идентификация және объектілері)

Ғылыми-техникалық даму, қылмысқа қарсы күресте, ғылыми жетістіктер қолданысы, криминалистика ғылымының жетістіктері, қылмысты зерттеуге және айғақтар жүйесін құруға көп көмегін тигізеді. Криминалистикада нақты ғылыми мағлұматтар түрлері қолданылады. Осындай түрлердің бірі, теңестіру (идентификация) тәсілі. Теңестіру арқылы оқиға барысын, оқиға болған жерде қалдырылған іздері бойынша күдіктінің, куәгердің, жәбірленушінің, қылмыскердің аты-жөнін анықтауға болады. Теңестіру нәтижелері арқылы қылмыс жасалған жер мен уақытты, тергеуге маңызды нәрселерді анықтауға болады. Тергеуші, жедел іздестіру қызметкерлері дәлелдеудегі ғылыми тәсіл ретінде, теңестірудің ғылыми негіздерін жетік біліп, оны объект тобын анықтауда ажырата білуі керек. (Идентификация) термині - латын сөзінен шыққан, оны тікелей аударса, теңестіру, яғни «тепе-теңдікті анықтау» немесе “тепе-тең ету, сәйкестендіру” деген мағынаны көрсетеді.

Идентификация» термині мынаны көрсетеді: - адамның ойлау қабілетінің заңдылығын ашуға мүмкіндіктер беретін ғылыми категория.

-танымның әдіс-тәсілі мен құралы дегенді.

-теңестіру арқылы тану процесінің белгісі ретінде.

Идентификация көзделген мақсаты мен шешетін мәселелеріне байланысты пайдаланылады және белгілі бір ойларды жинақтайды. Сондықтан идентификация логика, таным теориясы, психология және басқа да негізгі ғылымдарға сүйенеді.

Криминалистикалық теңестіру объектілері

Объект ұғымы – криминалистикалық идентификация теориясының басты элементі. Себебі объектілерді анықтау-идентификацияның зерттеу мазмұнына, яғни ғылыми зерттеулер қалай жүргізіледі және сот-тергеу тәжірибесінде қалай қолданылады, криминалистикалық техниканың, тактиканың, әдістемелердің даму деңгейіне байланысты.

Криминалистикалық идентификация объектісі жалпы қайталанбайтын идентификациялық белгілер жүйесі мен салыстырмалы тұрақты түрде болатын материалдық заттардан тұрады. Оған қоса сұйық, сусымалы, газ тәріздес объектілерден де құралады.

Объектілерді жекелеу мына ғылыми ережелерден тұрады:

-материалдық дүниедегі объектілердің сапалылық және сандық жағынан анықталуы.

Сапа - объектінің жеке қасиеттерінен көрінеді және затпен бүтіндей байланыстырылып, толығымен қамтылады, одан бөлінбейді. Бір-біріне ұқсамайтын объектілердің ерекшелігі сапасы жағынан көрінеді, ал бір-біріне

ұқсайтын объектілер сандық жағынан сипатталады. Сандық - өзгерістер объектінің бірден жойылуына алып келмейді, бірақ белілі бір шекке жетуі басқа сапаға алып келуі мүмкін.

1. Идентификацияланатын объектілер былай жіктеледі:

-Ізделінетін объектілер. Ол дегеніміз дәлелдеу үшін маңызды қылмыс және оның жағдайлары туралы мәліметтер бар объектілер.

-Тексерілетін объектілер. Оған табылған объектінің, ізделініп отырған объекті екеніне байланысты тергеушінің жорамалы жатады.

2. Идентификациялық процесте атқаратын рөліне байланысты бөлінеді:

-идентификацияланатын объект. Ол дегеніміз, тепе-теңдігі анықталатын объект болып табылады.

-идентификациялаушы объект. Оның көмегімен идентификацияланатын объект анықталады.

3. Материалдық ұйымдастырылу әдісі бойынша объектілер: жеке және көптік болып бөлінеді. Жеке объектілер фазалық күйлеріне қарай қатты, сұйық, сусымалы, газ тәріздес болып бөлінеді.

Көптік объектілер, морфологиясы бар объектілер, яғни заттар жиынтығы, механизмдер жатса (сіріңке қорабы, қару жарақ т.б.), морфологиясы жоқ объектілер: үйме топырақ, құм, дән т.б. жатады.

4. Зерттелетін және салыстырмалы үлгілер: Зерттелетін объектілер қылмыстық оқиғаға қатысты болуы мүмкін, мысалы жәбірленуші немесе сезіктінің қолы қойылған құжат т.б.

Үлгілер - бұл зерттелетін объектілердің қылмыс оқиғасына қатыстылығын көрсететін объектілер. Мысалы жәбірленушінің немесе сезіктінің еркін немесе эксперименталды қол жазу үлгілері.


Идентификациялық белгі дегеніміз, өзіндік қасиеті бар объект. Әр қасиет көптеген белгілер арқылы сипатталады. Осы белгілер жүйесі объектіні өзіне ұқсас көпшілік ортадан бөліп көрсетеді.

Идентификациялық белгілер жалпы және жеке болады:

2.1 Криминалистикалық идентификацияның ғылыми негіздері және міндеттері



2.2 Идентификация объектілері



2.3 Идентификациялық белгілер



3 – ТАРАУ

Криминалистикалық болжаудың (диагностиканың) теориясы

1. Криминалистикалық болжау жеке ілім ретінде кейінде пайда болған, оның пайда болу тарихы да идентификациямен ұқсас. Бірақ соңғыға қарағанда болжау әлі де қалыптасу кезеңінде көрінеді. Идентификацияны жүзеге асырудың негізгі формасы сараптама болса және әртүрлі сараптама түрлерінде қолданылса, диагностикасараптаманың барлық түрлерінде жүзеге асырылып, онымен қоса жедел іздестіру, тергеу, сот әрекеттерінде қолданылады. Диагностиканы сарапшылар, тергеушілер, жедел іздестіру қызметкерлері, мамандар мен соттар жүргізеді.

Идентификация негізінен дәлелдеу әдісі ретінде қолданылса, диагностика дәлелдеумен қатар, іздестіру, жедел іздеу мәніне ие. Екеуінің де мақсаты тергелетін іс бойынша фактілі мән жайларды анықтау. Оқиға болған жердегі қалған белгілері бойынша ізделінуші объектілерге жататын топтықты анықтауды - диагностика дейді. Бұлтермин гректің «диагноз» деген сөзінен шыққан. Ол қандай да бір жүйелік топты сипаттайтын негізгі белгілерді танып білуді, анықтауды, сипаттауды білдіреді. Мысалы: диагностикалық зерттеулермен шешілетін топтық анықтау міндеттерін былай көрсетуге болады:

-затты атыс қаруы деп табу, ол қарудың түрін анықтау.

-заттарды оқ-жарақтар деп табу, оның біртектілігін анықтау. Айталық оқ-жарақтарды аңшы қаруының тобына жатқызу.

Сол сияқты мысалы: табылған мәйттің киімінен бөгде іздер анықталуы мүмкін, осы іздерді табу, олардың шығу тегін, пайда болу тетігін анықтау диагностиканың іздестіру сипатындағы шешетін мәселелері болып табылады. Диагностика қарастыратын жалпы мәселелерді: дәлелдемелік, іздестірушілік және жедел-іздестірушілік деп бөлуге болады.

Идентификация объектісі ретінде тек қана материалдық заттар қарастырылса, диагностикада материалдық заттармен қатар, объектілердің жеке қасиеттері, құбылыстардың күй-жайлары, ондағы процестер, оқиғалар, ситуациялар, оқиға механизімдері кіреді. Айталық диагностиканың көмегімен сезіктіні ұстауға, жәбірленушіні өлтіру құралын анықтауға байланысты міндетті түрде киімде пайда болған бөгде ізге идентификациялық зерттеу жүргізіледі.

2.Криминалистикалық болжаудың сарапталған топтарына мыналар жатады: тергеу болжауы, жедел іздестіру қызметіндегі болжау, сараптық болжау және сот үстінде туындайтын болжаулар.

3.1 Криминалистикалық диагностика міндеттері



4 – ТАРАУ

Криминалистикалық техника

Криминалистикалық техника деген термин ертеде криминалистиканың туындауы барысында жалпы криминалистиканың алғашқы түсінігі ретінде қолданылған. Кейін дами келе криминалистикалық техника жалпы криминалистика ғылымында бөлек тарауға ие болған.

Криминалистикалық техника дегеніміз, ғылыми ережелер жүйесінің негізіндегі қылмыстарды ашу, алдын алудағы, дәлелдемелерді жинақтаудағы, зерттеудегі қолданылатын әдістер мен техникалық құралдарды айтамыз.

Ғылыми техниканың тез дамуына байланысты оның жаңа салалары кибернетика, математиканың моделдеу саласы, қолжазбаның идентификациялық зертеу мәселелер дәлелдемелік заттарды зертеудің физикалық т.б. әдістері пайда болған.

Ғылыми-техника ретінде, криминалистикалық техниканы қолданудың төмендегідей қағидалары бар:

1. Әдістер мен құралдардың ғылыми негізділігі.
2. Құқықтық іс жүргізу заңына сай болуы.
3. Тұлғаның құқығының сақталуы және адамдардың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігі.
4. Алға қойылған тапсырманың тез және тиімді орындалуы.
5. Техникалық құралдарды қолданатын субъектілердің қажетті білімдері, машығы мен білгірлігінің болуы.
6. Қолданылатын техникалық құралдардың тиімділігі мен үнемділігі.
7. Қолдану барысындағы нақтылық пен шындық.

Техникалық құралдарды қолдану субъектілеріне тергеуші, сарапшылар, жедел-ізвестіру қызметкерлері мен сот қызметкерлері жатады.

Қолдану мақсатына байланысты мына топтарға бөлінеді:

1. дәлелдеме заттарды, іздерді, іздеп-табу, жинақтау, бекіту, сақтау. Алдын-ала зерттеудегі, жауаптарды бекітудегі тергеу әрекеттері, эксперимент т.б. жүргізіп бекітудегі әдіс, тәсілді құрайды.

2. лабораториялық зерттеудегі арнайы құралдар мен әдістердің материалдық объектілері

3. криминалистикалық, яғни қылмыстарды тергеу әдістері.

4. соттардың, тергеушілердің, сарапшылардың жұмыстарында қолданылатын қосымша құралдар мен қолданылатын әдіс-тәсілдер.

Криминалистикалық техника келесі салаларға бөлінеді:

1. Криминалистикалық техниканың жалпы ережелері.

2. Сот-криминалистикалық фото-бейнежазу.

3. Адамның сыртқы пішіні (келбеті) туралы ілім.

4. Іздер туралы криминалистикалық ілім-трассология.

5. Баллистика-атыс қару мен оның қолданылуынан кейін қалған іздердің

криминалистикалық зерттеуі.

6. Құжаттардың криминалистикалық зерттеуі.

7. Криминалистикалық есептер мен тіркеулер.


2.Техникалық-криминалистикалық құралдар дегеніміз-дәлелдемелерді жинау мен зерттеудегі қолданылатын құралдар мен жабдықтар. Қылмыстарды ашу мен тергеу барысында дәлелдемелерді айқындап тауып алу, оларды алу мен бекіту үшін, әртүрлі құралдар қолданылады, оларды былай бөлуге болады:

1. Іздерді айқындау мен бекіту құралдары.


2.Техникалық зерттеу құралдары.

3.Фотография және бейнежазу техникалық құралдары.

4.1 Криминалистикалық техника жүйесі



4.2 Қылмыстарды әшкерелеп, алдын алудағы криминалистикалық техниканы қолдану





4.3.Криминалистикалық фотография және бейнетаспа жүйесі




4.4 Криминалистикалық фотография және бейне таспаға жазудың жалпы негіздері



4.5 Қызыл және инфрақызыл люминесценцияны суретке түсіруге арналған қондырғының схемасы



4.6 Суретке түсу тәсілі



Криминалистикалық фотография.

5.1. Криминалистикалық фотография түсінігі

Криминалистикалық фотография, жалпы фотографияның теориясына негізделі отырып, криминалистикалық техниканың бір бөлек саласы болып табылады.

Фотография ғылыми құбылыс бола тұрып, физика, химия, оптика заңдарына сүйенеді. Фотографияның арқасында: құжаттарды зерттеуге, қылмыскерлерді суретке түсіруге, тергеу әрекеттері барысында, тергеу әрекеттері көріністерін бекітуге қолданылады.

Криминалистикалық фотография басқа зерттеу әдістеріне қарағанда оқиға болған жердің мән-жайын, жағдайын, іздерін көрініс ретінде жан-жақты-толық, жоғары туралылықпен бекітеді. Фотографиялық әдіс, табылған іздерді сол қалпында сақтап, сыртқы келбетін, түрін бұзбайды. Көзбен көрінбейтін объектілердің бөлшектерін көруге мүмкіншілік береді.

Фотография деген сөз, грек тілінен аударғанда «фото»-жарық, «графос» - жазу, яғни жарықты жазу дегенді білдіреді. Криминалистикалық фотографияның мақсаты, соттық дәлелдемелерді бекіту мен зерттеудегі криминалистикалық әдістердің арқасында қолдану тәсілі. Оның объектілеріне мыналар жатады:

- Қоршаған ортадағы заттар.
- Құбылыстар
- Процестер

Сонымен криминалистикалық фотография дегеніміз - оның ғылыми ережелер жүйесі және соның негізінде қылмыстарды ашу, тергеу, алдын-алудағы дәлелдемелік заттарды қолданудағы дамыған, фотографиялық құралдар, тәсілдер мен әдістер. Криминалистикалық фотография мынандай жүйелерден тұрады:

1. фотографиялық әдістемелер;
2. түсіру тәсілдері;
3. түсіру түрлері.

Фотографиялық әдістемелер деп-фотографияда қолданылатын ережелер мен ұсыныстардың жиынтығы айтылады.

Оны екі түрге бөлуге болады:

1. көріністі сақтап қалу әдісі;
2. зерттеуге арналған әдістер.

Көріністі сақтап қалу әдісімен жәй көзге көрінейтін материалдық объектілердің ерекшеліктері мен сипаттамалары бекітіледі. Бұл әдіске: панорамалық,өлшемдеу, репродукциялық, стероскопиялы, танымды және макроскопиялық тәсілдер жатады. Панорамалық тәсіл дегеніміз-бір объектінің

көрінісін бірнеше кадрда түсіру. Оған «Гаризонт», «ФТ-2», « Киев», « Зоркий» т.б. камералар қолданылады. Олардың көру бұрышы 125 градус, ал тігінен қарағанда 45 градус. Панораманы екі түрмен түсіруге болады:

1. Айналмалы панорама.
2. Сызықтық панорама.

Айналмалы панорама дегеніміз-фотокамераны бір нүктеде ұстап, объектіні кезекпен түсіру және түсіру кезінде шекарадағы фрагменттерді 10-15 процентке артық түсіру қажет. Сызықтық панорама дегеніміз-фотографияға түсіру кезінде түсірілетін объектінің бойымен жүре отырып, фотоаппаратты бір сызық бойынша жүргізіп отырып, кадрдағы көріністерді кезекпен түсіру,шекара қиылысын 10-15 проценттен артық алып отыру. Панорамалық түсіру тәсілдері горизонтальды, вертикалды және горизонтал - вертикал болады.

Өлшемдеу фотографиясы дегеніміз - фотосурет бойынша объектілер және олардың арасындағы өлшемдерді анықтауға мүмкіндік беретін тәсілмен түсіру. Оның үш түрі бар:

1. Масштабтық өлшегішпен (5,10 см).
2. Ленталық өлшеммен (метрлік).
3. Квадраттық масштабтармен (50x50).

Репродукциялық фотография-бұл әдістеме жазықтық объектілерді түсіріп көбейтуге қолданылады. Мысалы: әр түрлі құжаттарды,суреттерді т.б. Стереопhotoграфия - яғни рельефті, өлшемді фотографияны стереоэффект тәсілін қолдану арқылы жасау. Танымалды әдістеме - адамдардың сыртқы келбетінің ерекшеліктерін бекітіп, оларды іздестіру, тіркеу және идентификациялауға арналған. Макрофотография-бұл әдіспен түсірілетін объектілер үлкейтіліп немесе сол қалпында түсіріледі. Ол майда заттарды: гильза, оқ, қол саусақ іздері т.б.түсірубарысында қолданылады. Зерттеулік әдістер:

Микрофотография-объектілерді микроскоптың көмегімен үлкейтіп,жәй көзге көрінбейтін майда заттарды көрінетіндей түсіруді айтады. Оқиға болған жерді немесе басқа тергеу әрекеттерін жүргізу барысында, төрт тәсілмен түсіру қажет:

- 1.бағдарлаушы тәсіл;
- 2.шолушы;
- 3.түйінді;
- 4.бөлшектік түсіру.

Бағдарлаушы-оқиға болған жерді,оның айналасы көрінісін түсіру. Шолушы - нақты оқиға болған жердің көрінісін бекіту. Түйінді-оқиға болған жердегі ең басты фрагменттерді немесе бөлшектерді,заттарды сол қалпында бекіту. Бөлшектік-оқиға болған жердегі майда заттарды, бөлшектерді, іздерді, физико - химиялық сипаттарына байланысты жарамсыз болып кету мүмкіндігі бар объектілерді,алуға мүмкін емес заттарды түсіру. Тануға түсіру әдісі- іздеуде жүрген және қылмыстық тіркеуде тұрған қылмыскерлерді тануға көрсету үшін, сондай-ақ мәйіттің жеке басын анықтау және оларды

қылмыстық тіркеуге алу мақсатында қолданылады.

5.2. Криминалистикалық бейнежазу

Бейнежазбаға түсіру көбнесе тергеу әрекетін жүргізу барысында, оқиғаның жәй-күйін, оның жекеленген заттары мен іздерінің байланысын көрсету қажеттілігі туындағанда, оқиғаның немесе құбылыстың даму барысын толық бейнелеп көрсетіп бекіту мақсатында қолданылады.

Мысалы: қылмысты жасау әдісі, болған оқиғаның тетігін анықтау үшін қолданылады.

Бейнежазба көбнесе тергеу эксперименті, тінту, оқиға болған жерді қарау, жауап алу, беттестіру, тануға көрсету, айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау әрекеттерін жүзеге асыру барысында қолданылады. Тергеу әрекеттері қандай тәртіппен жүргізілсе, бейнежазбаға түсіру сондай кезектілікпен жүзеге асырылады. Тергеу барысында дыбысжазбаны қолданудың негізгі мақсаты, жеке тергеу әрекеттерінің барысын қосымша түрде дыбыстай бейнелеп бекітуді қамтамасыз ету болып табылады. Ол көбнесе жауап алу, беттестіру, айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау, тануға көрсету сияқты тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде қолданылады.

Криминалистикалық фото-, бейне және дыбыс жазбаларының қортындылары процессуальды-криминалистикалық рәсімделгеннен кейін ғана тергеу процесінде толық қолданылады.

Фототүсірілім қолданылған тергеу әрекеттерінің хаттамасында мына мәліметтер орын алады:

1. фотосуретке түсірілген объектілер жайлы
2. қолданылған фотографиялық құралдар, аппараттың типі, объективтің түрі, жарықфильтрдің маркасы т.б.
3. суретке түсірудің тәсілі, жағдайы, жарықтандыру сипаты, түсірілім уақыты, оқиға болған жердің түсірілім нүктесі кестеде немесе жоспарда көрсетіле отырып хаттамаға бекітілуі тиіс.
4. қажет болған жағдайларда алынған қортындылар жайлы мәліметтер. Хаттамаға тіркелетін фототүсірілімдерді фотокесте түрінде рәсімдеу қажет.

5.3 Криминалистикалық фотография және бейнетаспа жүйесі



5.4 Криминалистикалық фотография және бейне таспаға жазудың жалпы негіздері




5.5 Криминалистикалық фотография және




бейне таспаға жазудың жалпы негіздері



5.6 Криминалистикалық фотография және бейне таспағаи жазуды қолданатын субъектілер



5.7 Тануға түсіру әдісі



Қызыл және инфоқызыл люминесценцияны суретке түсіруге арналған қондырғының схемасы.

5.8 Бет пішіні (портрет)



Пирамида тәрізді




Төртбұрышты



Сопақ



Домалақ




Үшбұрышты




Қабак формасы

Маңдай (шеке)
формасы


Маңдайдың
(шекенің) ұзындығы




1. Шығыңқы
2. Тік
3. Ойық
Мұрынның ұзындығы




1. Кіші
2. Орташа
3. Үлкен
Мұрынның қыры




1. Кіші
2. Орташа
3. Үлкен
Мұрын формасы



1. Кіші
2. Орташа
3. Үлкен



1. Тік 2. Қайқы
3. Толқынды
4. Томпақ



1. Көтеріңкі
2. Салбыраңқы
3. Көлденең

5.9 Қас формалары

Ойық қас

Тік қас

Астас қас



Көздің түстері



Сұрғылт



Жасыл сұрғылт



Жасыл



Көк

5.10 Иек



Тік иек



Шығыңқы иек



Ойық иек

5.11 Құлақтың жиегі (контуры)



Сопақ

Дөңгелек

Төртбұрышты

Үшбұрышты

6 – ТАРАУ

Трассология

6.1 Трассология ұғымы

Трасология ілімі, криминалистиканың үлкен бір тарауы болып табылады. Ол іздердің пайда болу негіздерін зерттеп, қылмыстың жасалу тетігін іздердің туындауын, іздерді табу үшін әдістер мен құралдарды қолдану ережелерін әзірлеп, осы іздердің көмегімен қылмыстарды ашу, тергеу және алдын-алуда үлкен роль атқарады. Әрбір болған қылмыс біздің айналамызда өз іздерін қалдырады. Із дегеніміз-қылмыстың әсерінен болған өзгерістердің барлық түрі, яғни оқиға болған жердегі объектілердің өз орындарынан қозғалып, заттардың өзгеруі. Бір заттың басқа затқа әсер етуінен пайда болатын өзгерістер. Мысалы: есіктің жақтауын бұзған жерде қалған бұзу іздері, қылмыскер ұмытып кеткен, жоғалтқан т.б. заттары, сынған, бұзылған заттар, автокөлік фарының сынғанынан қалған әйнектер, әр түрлі иістер т.б. Қылмыстық іздерді үш топқа жіктеуге болады:

1. Бейне іздері, яғни қолдың, аяқтың, тіс, ерін т.б. іздер.

2. Заттай іздер

3. Биологиялық іздер, яғни қан, сілекей т.б.

Іздердің көмегімен шешілетін мәселелерді идентификациялық және идентификациялық емес деп екі топқа бөлуге болады.

Идентификациялық сипаттағы мәселелер әдетте трассологиялық сараптама шеңберінде шешіледі. Ал идентификациялық емес мәселелер негізінен тергеуші мен криминалист-маман оқиға болған жерді қарау, тінту т.б. тергеу амалдары арқылы шешеді.

Трассологиялық зерттеудің негізгі объектісі болып табылатын із-бейнелеуші объектілер, екі объектінің өзара қарым-қатынасқа түсуі нәтижесінде пайда болады. Із қалған объект-із қабылдаушы, ал із қалдырған объект-із қалдырушы деп аталады. Із пайда болған кезде қарым-қатынасқа түсетін беткі қабаттар-түйісу қабаттары деп аталады.

Іздердің түйісуі кезінде, объектілер физикалық, химиялық және биологиялық әсерге түседі. Физикалық әсер ету механикалық немесе жылулық болуы мүмкін. Трассология-механикалық әсерге түсетін іздерді зерттейді. Трассологиялық зерттеудің мәнін-түйісетін объектілерге механикалық жағынан әсер етудің ерекшеліктерін және осының нәтижесінде пайда болатын іздерді зерттеу құрайды.

Пайда болуына сәйкес іздер, статикалық, динамикалық, көлемді және беткі қабатты, локалды және перифериялық болып бөлінеді.

Көріну дәрежесіне қарай, көрінетін, нашар көрінетін, көрінбейтін болып бөлінеді. Трассологиялық маңызы бар адамның іздерін былай бөлуге болады:

1. Қол іздері. Олар басқа іздерге қарағанды жиі кездесіп, қылмысты ашу

мен тергеуде жиі қолданылады. Қол іздері арқылы адамның жынысын, шамамен жасын, қай қолмен және қандай саусақпен қалдырған із екенін, кәсіби мамандығын, қолдағы кемістік белгілерін анықтауға болады.

Криминалистиканың басты назарын папиллярлы сызықтармен құралған рельефке, әсіресе саусақтардың тырнақ тұсындағы өрнектерге аударады. Папиллярлық өрнектерді зерттеуге дактилоскопия, яғни тарсологияның бір тарауы арналған Дактилоскопия-грек тілінен аударғанда «дактиле»-саусақ,» скопия»латын тілінде қарау деген мағынаны білдіреді. Папиллярлық өрнектердің маңызы олардың даралығы, өзіндігі, белгілі мерзімде тұрақтылығы және қайта қалпына келуі мен жіктеуге ыңғайлылығы.

Папиллярлық өрнектерді жалпы және жекеге бөледі. Жалпы белгілер:

-доғалы өрнектер;

-ілгекті өрнектер;

-шиыршықты өрнектер деп бөлінеді.

2-Аяқ іздері. Әр түрлі қылмыстарды зерттеу, қылмыскерді іздестіру мен әшкерелеу кезінде қолданылады. Аяқ іздері бойынша оны қалдырған адам туралы мәліметтер: бойы, жүріс-тұрысының жеке белгілері, аяқ киім белгілері, қозғалыс бағыты мен шапшаңдығы т.б. анықтауға болады. Ол іздер жалаң аяқ, аяқ киім және шұлық іздері болып бөлінеді.

3. Тіс іздері көбінесе азық-түліктер мен басқа заттарда, қылмыскерлер мен жәбірленушілерден тістің іздері қалуы мүмкін. Бұл іздер бойынша оның қандай жағдаларда қалдырылғанын анықтауға және идентификациялауға мүмкіндік туады. Пайда болу механизміне қарай тістеу, тістеп жұлып алу болып бөлінеді.

Бұзу құралдарының іздері. Бұзу құралдарының іздері механоскопия деп аталады. Олар бұзу құралдарының, өндірістік механизмдердің, құлыптардағы, пломбылардағы іздер болып бөлінеді.

Бұзу құралдарын: механикалық және термикалық деп бөлуге болады.

Механикалық топқа: кесетін-пышақ, қайшы, әйнек кескіш, тістеуіш, шабатын және қашайтын: балта, кескіш, қашау, лом, егеп кесетін-егеу, ара, бұрғылайтын-тескіш темір, бұрғы құралдары мен механизмдері жатады.

Термикалық топқа: қатты металдарды кесуге және оларды сваркілеуге арналған газ, электрлі аппараттар жатады.

4. Құлыптар және пломблар:

Құлыптың ашылуы регильдің жылжыуы арқалы жүзеге асырылыда қылмыс жасау кезінде құлыпты екі жолмен ашады. Кілтпен ашады немесе бұзады.

-құлыпты ашу үшін кілттер, желбезектер, басқа да заттар іріктелініп алынады ашу кезінде төмендегідей үш тәсіл қолданылады: құлыптың саңлауы арқылы құлыптың механизміне тікелей әсер ету, мұндай әрекеттер іріктелініп алынған кілттер, желбезектер, басқа да заттармен жүзеге асырылуы мүмкін.

-Регильге сырттан әсер ету жолымен ашу. Бұл тәсілмен қолдану кезінде қатты тегіс заттар арқылы регильдің шығып тұрған бөлігіне қысым жасалады.


-есіктің ішкі жағындағы құлыпта қалған кілтті бұрап жылжыту жолымен

ашу, кілттің үшын сыртқа жақтан арнайы қысқышпен қолдану арқылы тартып ілу жолымен ашылады.


Аспалы құлып бүтіндігінің бұзылуы, оның қорабының бұзылуы, құлыптың имегін аралап кесу, шегеден имекті жұлып алу нәтижесінде орын алады. Барлық жағдайда құлыптың бөлшегіне және құлып орнатылған есікте-бөлшектеу, кесу, қысу, жаншу іздері қалады.

5. Көлік құралдарының іздері оқиғалы жерде мынандай жағайларда қалады, қылмыскер қылмысты істерді жасау мақсатында көлік пайдаланса, екіншіден көлік қылмыс объектісі болса.


Бірінші жағдайда, Мысалы: Ұрылардың үйден ұрланған заттарды тиіп кетуі, оқиға болаған жерге дейін немесе оқиға болған жерден кеткенде пайдалдануы, автолік қылмысын жасап, оқиғалы жерден қашып кетуі.




6.2 Дактилоскопиялық іздер:




Оралмалы өрнектер




Папиллярлы өрнектердің түрлері мен схемасы



Доктилоскопиялық экспертиза



Көлік құралдарының іздері



Автокөлік іздерін өлшеу


- А. Алдыңғы және артқы дөңгелек іздерінің қосылған ені
- Б. Артқы дөңгелек іздерінің ені
- В. Алдыңғы дөңгелек іздерінің ені
- Г, Д. Ішкі және сыртқы шектерінің арақашықтары
- Е. Артқы дөңгелектің сопар іздері айдағы саңлаударының орналасуы,

Дөңгелектің протектор ізін өлшеу



- А. Іздің ені
- Б, В. Із бөлігінің ұзындығы және ені
- Г. Із бөліктерінің арасындағы ұзындық

- 1 - жылдам қарқынмен жүріп өткен дөңгелек іздеріндегі протектор бейнесінің бұрылу бағыты,
- 2 - іздердің жанындағы шан тозандардың орналасуы,
- 3 - басып өту кезіндегі сынған таяқтың орналасуы,
- 4 - топырақты басып өту кезіндегі тастың
- 5 - Бұрылыс кезінде айырылысу бұрыштары (а) мен қосылу бұрыштарының (б) қатынасы (а б)
- 6 - із түбінің бедері,
- 7 - көлік құралынан тамған сұйық заттарының тамшылары



6.4 Аяқ іздері





6.5 Растрлы электронды микроскоптағы полкамид талшықтарының көлденең және бойлық қималары





Растрлы электронды микроскоптағы қоян жүнінің талшығы




Растрлы электронды микроскоптағы автокөліктің бояумен боялған бояу автокөліктің қабатының көрінісі




6.6 Дактилоскопиялық іздер:




Саусақ өрнектерінің типтері




Папиллярлы өрнектердің түрлері мен схемасы




Доктилоскопиялық экспертиза



6.7 Аяқ іздері




Жалаң аяқ іздері:
 АБ - іздің жалпы ұзындығы;
 ВГ - табан бөлігінің ені;
 ДЕ - аралық бөлігінің ені;
 МН - аяқ өкшесінің ені.



Аяқ киім іздері:
 АБ - іздің жалпы ұзындығы;
 ВГ - ұлтан ізінің ені;
 КЛ - аралық бөлігінің ені;
 МН - аяқ киім өкшесінің ені;
 АД - ұлтан ізінің ұзындығы;
 ДЕ - аралық бөлігінің ұзындығы;
 БЕ - аяқ киім өкшесінің ұзындығы.

6.8 Бұзу құралдары



23-сурет Фомка

1. Фомқаның екіге бөлінген басы.
2. Фомқаның негізгі бөлшегі,
3. Фомқаның аяғы.


24-сурет Балта

1. Балта жүзінің басы, 2. Балтаның беті,
3. Балта сабының басы, 4. Балтаның басы,
5. Балта басының (обух) қыры,
6. Балта басының беті, 7. Балта жүзінің беті,
8. Балтаның сабы, 9. Балта сабының аяғы,
10. Балта жүзінің аяғы, 11. Балтаның жүзі.


28-сурет Қашау

1. Жүзі, 2. Жүзінің беті, 3. Қалағы, 4. Мойын жағы,
5. Сакинасы, 6. Сабы, 7. Сабының соңы, 8. Қалақты сабына кіргізетін жері

7 - ТАРАУ. Саусақ іздерін алу әдістемесі





Саусақ іздерін алу жөніндегі лауазымды тұлғаның дайындық сатысы

Лауазымы	КОНТРОЛЬНЫЕ ОТПИСКИ		Правая рука
	Большой	Большой	
Девая рука			
			
Дата: 14.11.2014 г.			
Место: СКУ 908			

7.1 Саусақты тазалап, оның таза екеніне көз жеткізу





7.2 Саусақ іздерін алу үшін, саусаққа жағылатын бояуды дайындау сатысы



7.3 Тазаланған саусақтарға бояу жағу




7.4 Дактилоскопиялық картаға саусақ іздерін түсіру тәсілі



7.5 Екі бармақ іздерін түсіру



7.6 Екі қолдың саусақтарын буын іздерімен қосып алу тәсілі



7.7 Алақан іздерін алу тәсілі




7.8 Алақан төсі іздері





7.9 Бақылау құжаты





7.10 Толық қол саусақ іздері



7.11 Күдіктінің саусақ іздерін облыстық ішкі істер басқармасының криминалистикалық орталығына енгізу




7.12 Қол саусақ іздерін алуға қатысушылардың қол қойып бекітуі




8 – ТАРАУ

Бұзу құралдары




25- сурет Пассатиж

1. Ауызы
2. Ұстаудың кіші қуысы
3. Ұстаудың үлкен қуысы
4. Осы тік екіткіші



26 – сурет Қысқаш


1. Кескіші
2. Кескішті бекіткіш
3. Сабы



27 – сурет Кемпірауыз

1. Ауызы
2. Бекіткіші
3. Сабы
4. Ұстау қуысы

8.1 Жылқы іздерің қарау және алу





1 – тар

2 – кең

3 - тұзу


9 – ТАРАУ

КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ІЗДЕРІ




Автокөлік іздерін өлшеу

- А. Алдыңғы және артқы дөңгелек Іздерінің
- Б. Артқы дөңгелек іздерінің еңі
- В. Алдыңғы дөңгелек іздерінің еңі
- Г. Д. Ішкі және сыртқы шектерінің арақашықтары
- Е. Артқы дөңгелектің сопар іздері



Дөңгелектің протектор ізін өлшеу

- А. Іздің ені
- Б. В. Із бөлігінің ұзындығы және ені
- Г. Із бөліктерінің арасындағы ұзынды



Қозғалыс бағытының белгілері


- 1 – жылдам қарқынмен жүріп өткен дөңгелек іздеріндегі протектор бейнесінің бұрылу бағыты
- 2 – іздердің жанындағы шан тозандардың орналасуы
- 3 – басып өту кезіндегі сынған таяқтың орналасуы
- 4 – топырақты басып өту кезіндегі тастың Айдағы саңлаударының орналасуы
- 5 – бұрылыс кезінде айырылысу бұрыштары (а) мен қосылу бұрыштарының (б) қатынасы (а,б)
- 6 – із түбінің бедері
- 7 – көлік құралынан тамған сұйық заттарының тамшылары

10 – ТАРАУ

Викробөлшек түріндегі қылмыс ізінің табылуы мүмкін жерлер

Іздестірілетін микробөлшектер қылмыстың түрі мен сипатына байланысты болғандықтан, оларды мынандай объектілерден табуға болады:

- қылмыскердің, сезіктінің немесе жәбірленушінің денесінен;
- олардың киімдері мен аяқкиімдерінен;
- олардың қолындағы әр түрлі заттардан;
- адамның денесіне тиген қару – жарақтардан;
- көлік құралдарынан;
- қылмыстық оқиға жағдайының материалдық заттарынан, мүліктерінен (жол бөлігінен, еденнен, есік - терезелерден, сейф, жиһаздардан және т.б.)
- қылмысқа қатысты басқа да объектілерден.



11 – ТАРАУ. СУЫҚ ҚАРУЛАР



Күрмек тәріздес бәкі



Күрмек тәріздес бәкі



Күрмек тәріздес бәкі

11.1 СУЫҚ ҚАРУЛАР



Аңшылыққа арналған
пышақ



Жиналмалы пышақ
«Көбелек»



Күрмек
тәріздес бәк

11.2 СУЫҚ ҚАРУЛАР



Аңшылыққа арналған
пышақ



Әскери саперлік
тесак 1827 ж.




Аңшылыққа
арналған пышақ

11.3 СУЫҚ ҚАРУЛАР



Аңшылыққа арналған
пышақ



Қан аққыш тесігі
бар пышақ



Ара тісті пышақтың
түрлері

11.4 Кесетін, сұқпалы, үшкір суық қарулар



1845 – 1850 ж.ж.
Кавалериялық найза



Германиялық
семсер




Персиялық шашка



Сұқпалы семсер



Сұқпалы семсер



Сұқпалы семсер

11.5 Кесетін, сұқпалы, үшкір суық қарулар



Австриялық найза
XVIII-XXғ.ғ.



Азаматтық қылыш
XIX ғ.



Ара тісті
пышақтың түрлері



Жаяу әскердің найзасы



Жаяу әскердің найзасы



1826 ж. жаяу әскердің
найзасы

12 - ТАРАУ

Сот баллистикасы

Кәзіргі кезеңде атыс қаруы, суық қару, жарылғыш заттар сияқты қару жарақтың көптеген түрлерін пайдалау арқылы жасалатын қылмыстар түрі көбейген. Осы қылмыстарды ашу, тергеу барысында туындайтын сұрақтарға жауапты криминалистік баллистика арқылы жетуге болады.

Баллистика грек сөзі «балле»-лақтырамын дегенді білдіреді. Ол оқ және бытыраның қозғалысы мен жылдамдығын зертейтін ғылым. Сол сияқты снарядтың қозғалысы туралы әскеритехникалық ғылым. Ол ішкі және сыртқы баллистика болып екіге бөлінеді.

Ішкі баллистика-қару оқпанындағы(ұнғысындағы) оқтың қозғалысын, ал сыртқа баллистика-оқпаннан ұшып шыққан оқ қозғалысын зерттейді. Криминалистикалық баллистиканың теориясын құруға жалпы баллистиканың ережелері мен әскери ғылымдардың мәліметтері негіз болған. Мысалы қарудың материалдық бөліктері, қару конструкциясы тағы басқалар. Бұған қоса криминалистикалық баллистикада із бойынша объектіні идентификациялау және із қалдыру тетігіне байланысты трассологияның негізгі ережелері, диагностика да қолданылады. Мысалы: Идентификацияда атылған оқтар, гильзалар бойынша қай қарудан атылғанын, қай топқа жататындығы, олардың компоненттерінің, бөліктерінің шыққан жері, бөліктері бойынша бүтіндігін т.б. анықтау.

Диагностика бойынша объект атыс қаруы болып табыла ма, атыс қаруы жарамды ма, шүріппе басылмаса да өздігінен атылуы мүмкін бе, жарылыс қондырғысы болып табыла ма т.б. Ату бағыты мен қашықтығын, атқан адамның тұрған орнын, жарылыс болған жерді анықтау т.б. Сөйтіп атыс қарулары мен оқ-дәрінің құрылысын, оқтың бөгетке тигізетін әсерін, қару оқпанындағы ату кезінде пайда болатын құбылыстарды және оқтың оқпаннан шыққаннан кейінгі қозғалысын зерттейтін ғылым.

Сот баллистика объектілері:

1. Атылатын қару-жарақ түріне қарай:

-жауынгерлік, нақты күш пен соғыс техникасын жою үшін пайдаланылатын қару-жарақ. Оқулық-қару-жарақтың құрлысын білу үшін оқып үйренуге арналған, спорттық-арнайы жарыс спортында қолданылатын қару және аңшылық-аң құс аулау үшін.

2. ату кезінде қаруды ұстау мен басқару әдісіне қарай: тапанша, револьвер, тапанша-пулемет, мылтық.

3. автоматтандыру дәрежесі бойынша: автоматтандырылмаған, жартылай автоматтандырылған, автоматтандырылған.

4. оқты ату сипатына қарай: бір рет ататын, аралас ататын, үзіліссіз ататын.

5. Оқпан саны және ұзындығына байланысты, жалғыз оқпанды, қос оқпанды, көп оқпанды, ұзын, орташа және қысқаша оқпанды.

-калибри бойынша, иір оқпанды, кіші калибр 6,5 мм.ге дейін, орта калибр-6,5-9 мм.-ге дейін, ірі калибрлі-9 мм.жоғары, тегіс оқпанды 12,16,20,24,28,32 аңшы мылтықтары.

б.дайындау тәсіліне сәйкес, өндірістік, қолдан жасалған, толығымен жасалған, құрастырылып жасалған, арнайы құралдар мен жабдықтарды өзгерте отырып жасаған.

Патрон деп-гильза арқылы бір бүтінді құрайтын оқты, бытыра, картечь порохты капсуль танылады. Патрон жабдықтарының қалған барлық элементтерін гильза құрайтын болғандықтан, мұндай патрондар біртұтас деп аталады.Олар былай бөлінеді:

1.конструкциясы бойынша біртұтас, яғни барлық элементтері гильза арқылы біріктірілген, тбіртұтас емес-бұл жағдайда оқ гильзаға орнықтырылмайды,оқпан ұңғысына орнатылады.

2.оқпан ұңғысының сипатына қарай: иір оқпанды,тегіс оқпанды,аралас оқпанды болып келеді.

-қару-жарақты қолдану орны бойынша:жауынгерлік,спорттық,аңшылық.

3.Қолданылатын қару түрі бойынша: тапаншалық, револьверлік, аралас, винтовкалық, мылтыққа арналған.

4.дайындап шығару әдісі бойынша: зауыттық, қолдан жасалған, қайтадан жасалған.

5.қолданылған қару-жарақтың сипатына қарай: штаттық, патронды алмастырушы

б.клибри бойынша: кіші, орташа, ірі

Порох дегеніміз - түтінді (қара), аз түтінді(механикалық араласқан түтінді және түтінсіз) капсуль-оқ-дәрінің тұтандырғышы.

Снаряд дегеніміз-оқ-дәрі лақтырғыш элементі, оған бытыра, картечь, оқтар жатады.

Оқтар келесі түрге бөлінеді: клибри бойынша кіші, орта, ірі, құрлысы бойынша-қабықты, қабықсыз, жартылай қабықты, басқа бөлігінің формасы бойынша-үшқырлы, дөңгелек, доғал, басы үшкір емес, бас бөлігі тегіс ұшты.

Гильзалар-аңшы мылтығына арналған, металдан, картоннан немесе қағаздан, пластмассадан жасалған, төменгі жағы міндетті түрде металмен қапталған. Құрлысы бойынша-қалыптан, түпкі қалпақшадан, қалпақшаның жиегінен, капсуль ұяшығынан тұрады.

3.Сот-балистикалық зерттеу объектілеріне бөгетте қалған ату іздерін де жатқызып,оларды екі топқа бөлуге болады:

Атудан қалған негізгі іздер-снарядтан, оқтан, бытрадан, картечтен пайда болған зақымдар:

Бөгеттің қалыңдығы, қаттылығына байланысты зақымдар өтетін және өтпейтін болып бөлінген.

Атудың қосымша іздері-атумен қатар жүретін құбылыстың әрекеттері нәтижесінде пайда болған іздер. Мысалы: порохтың, оқпан аузы жалынының, порохтың өртенбеген түйіршіктері, капсуль қрамының ыдыраған бөлшектері, майлау т.б. заттар.

Атумен қатар мынандай іздер пайда болады: оқтың кіретін жерінің ластануы, майлау қыртысы шөгінділері, күйк қыртыстары кіретін саңлаудың жан-жағында орналасып пайда болады, күйіп қалу, бөгеттің ішінара қирауы, қару-жарак бөлшектерінің іздері.

Кіру саңлауының бірден-бір белгісі-жан-жағында күңгірт түсті жиектің түйісу белбеуінің болуы.

Шығу саңлауы-әдетте қисық пішінді болып, к іру саңлауынан бірнеше есе үлкен болады.

Оқиға болған жерді қарау кезінде мына сұрақтарды шешу қажет:

1. Ату қарулары шын мәнінде қолданған ба.
2. Қандай қару және оқ-дәрілер қолданылған.
3. Атылған оқтың бағыты мен ара қашықтығы қандай.
4. Қаруды атқан тұлғаның ату үстіндегі ықтималды тұрған жері.
5. Өзін-өзі ату фактілеріне жата ма.

6. Қарудың атылу жағдайы қандай, ол құлау, бірнәрсеге соғылу нәтижесінде атылып кеткен жоқ па т.б.

Оқиға болған жерде табылған қару жаракты қарау кезінде міндетті түрде мына талаптар сақталуы қажет:

- қаруда қалған іздерді толық анықтау, ол үшін қарудың шетінен немесе қолғап киіп ұстау.

- қарудың оқпанын өзіне немесе қоршап тұрған адамдарға қаратып ұстамау

- қару оқпанына қандай да бір заттарды тығуға, кіргізуге жол бермей, оқпанға абайлап қалпақ қигізу.

- міндетті түрде қарудан оқпанды алып тастау


- қару оқпанын ешқандай затқа тақамау

- шаппалы күршекке, атқыш ілмекке тиіспеу


- қаруды құлатпау

Қаруды қарау үшін таза қағаздың үстіне қойып тексеру, хаттамада қандай да бір бөгде объектілердің қол, шаш, мый, тері бөліктерінің табылғаны туралы мәліметтерді енгізу, тергеуге қажетті объектілер пакеттерге бөлек бөлек салынып, табылған жерлері туралы мәліметтер хаттамаға кіргізіледі.


12.1 СОТ БАЛЛИСТИКАСЫ



КЕСКІНДЕЛГЕН ІЗДЕР



12.2 Атыс қарулары



1933 жылғы ТГ (калибрі 7,26мм.) тапаншасының үлгісі.
1-қорабы; 2-шүріппе;
3-көздеуіш; 4-саңылауы;
5-бекітпе қабы; 6-қарауыл;
7-бекітпе қабаның түтігі;
8-қайтарғыш серіппе; 9-қорап;
10-бекітпе ұстағышы;
11-шаппа; 12-тұтқа беті; 13-оқжатар қақпағы; 14-нөмірі, шығарылған жылы




Автоматты тапанша Beretta M 92FS, Италия, калибрі 9 мм., жалпы ұзындығы 217 мм., салмағы 935гр№, 15 патронды.



Автоматты тапанша Caska Zbrojovka CZ-100, Чехословакия, калибрі 9мм., жалпы ұзындығы 177мм., оқпан ұзындығы 95 мм., салмағы 680 гр., 13 патронды, қорабы пластмассадан жасалған.



Тапанша-пулемет Nekler&Koch MP 5 A2, Германия, калибрі 9 мм., жалпы ұзындығы 680 мм., оқпан ұзындығы патронсыз салмағы 2,45 кг., 10, 15 немесе 30 патронды, минутына 650 атыс.





“Узи” тапанша-пулеметі.
Шығарушы: “ИМИ Израэл Милитэри Индастриз”, Израиль, калибрі 9 мм., жалпы ұзындығы 470 мм., оқпан ұзындығы 259 мм., патронсыз салмағы 3,6 кг., 25,32 немесе 64 патронды, минутына 550-600 атыс.



Тапанша Австралия, калибрі 9мм., жалпы ұзындығы 188 мм., оқпан ұзындығы 114 мм., патрондарымен салмағы 870 гр., 17 патронды, қорабы пластмассадан жасалған.

12.3 Оқ - дәрілер



Оқтар келесідей түрде бөлініп топтастырылады: калибрі бойынша (кіші, орташа, ірі);

құрылысы бойынша (қабықты, қабықсыз, жартылай қабықты);


басқа бөлігінің формасы бойынша (үшкір қырлы, дөңгеленген, доғал, басы үшкір емес, бас бөлігі тегіс ұшты). Сонымен қатар, сауыт бұзар (бронбойная), сауыт бұзар-өртегіш, өртегіш, жарылғыш түріне топтастырылады.

Иір оқпанды қару зақымдары

Ату қашықтығы	Револьвер наган	Пистолет Т.Т.	Кіші калибер 6,5мм	Автомат АК		Винтовка жеңіл оқты		
0	300	430	315	300	0	715	900	865
10	295	417	307	294	100	632	817	783
20	290	404	299	288	200	659	741	708
30	285	392	291	282	300	494	637	640
40	280	380	284	277	400	437	605	580
50	275	368	276	271	500	366	545	523
60	271	357	270	266	600	307	487	475
70	266	346	264	261	700	286	435	429
80	262	336	258	255	800	267	388	371
90	257	328	251	251	900	248	349	322
100	253	317	246	246	1000	232	315	303
200	217	252	212	212	1200	201	263	268
300	187	221	182	182	1400	175	224	238
400	161	194	157	157	1600	152	191	211
500	139	171	135	135	1800	132	162	187
600	119	150	116	116	2000	115	138	166
700	103	131	100	100	2200	100	118	147
800	90	115	86	86	2400	86	101	131

Оқтың сүріп өту белдеуі:

Қару түрі	Зақым мөлшері мм.	Зақым формасы	Белдеу размері	
	5,32-5,08 5,54-5,10		0,92-1,8	1 оқ белбеуі ақшыл сұрғылт
	4,25-4,5 4,48-4,92		0,5-1,37	1 оқ ақшыл сұрғылт 2 оқ сұрғылт із
	6,14-5,45 6,06-5,38		-	күңгір із жол
	6,5-6,85		0,92-1,67	1 оқ ақшыл сұрғылт 2 оқ күңгірт іздік көбейуі
	8,72-7,65 8,84-8,05		1,08-3,23	1 оқ белбеуі ақшыл - сұрғылт сүріп өту 2 оқ күңгірт дақтың аздап ұлғаюы
	8,2-9,1		0,82-2,63	



Оқ ұшқанда оған үш күш әсер етеді:

- Ауаның қарсылығы
- Жердің тартылыс күші
- Аэродинамикалық көтеру күші.

Оқтың баллистикалық сипаттамасының маңызы

Оның ұшқан кездегі тұрақтылығы, ол: оқтың құрылысының ерекшелігі, калибрі, ауырлық ортасының орналасуы, және ұшу жылдамдығы арқылы көрінеді.

-Калибрмен құрылысы екі оқтың ұшуда ұзындауы тұрақтылықты көрсетеді
- Калибрі мен құрылысы бірдей оқтың ішінен, ұшуда тұрақтылықты калибрі (диаметрі) үлкені көрсе алады.



Оқтың айқын кету шарты шынының оқ тиіп сынған жерін болжау кіруі, шығуы.

13 – ТАРАУ


Ату қаруы әсерінен адам өлімі




Оқ кірген жер нүкте сияқты бір тесік

14 – ТАРАУ


Арақашықтағы адам денесінде бытыраның шашырау аумағы



14.1 Штангоциркулмен гильзаның ішкі диаметрін өлшеу




Гильзаның түрі мен түсінігі



1. Кесілген гильза
2. Гильзаның құламасы
3. Корпусы
4. Оқталған патрондар ішіндегі дәріні тұтандыру үшін жарылғыш заты бар қалпақша тетігі
5. Гильзаның түбі


14.2 Атылған гильзаның іздері



1. Кесілген гильза
2. Гильзаның құламасы
3. Корпусы
4. Оқталған патрондар ішіндегі дәріні тұтандыру үшін жарылғыш заты бар қалпақша тетігі
5. Гильзаның түбі

14.3 Оқ дәрілер

Оқтар келесідей түрде бөлініп топтастырылады: калибрі бойынша (кіші, орташа, ірі); құрылысы бойынша (қабықты, қабықсыз, жартылай қабықты); басқа бөлігінің формасы бойынша (үшкір қырлы, дөңгеленген, доғал, басы үшкір емес, бас бөлігі тегіс ұшты). Сонымен қатар, сауыт бұзар (бронбойная), сауыт бұзар-өртегіш, өртегіш, жарылғыш түріне топтастырылады.



15 - ТАРАУ

Криминалистік тактиканың түсінігі және жалпы ережелері

Қылмыстық істерді тергеу заңында көрсетілген тергеу әрекеттерін қолданып, өткізу арқылы жүргізіледі. Бірақ, қылмысты дер кезінде ашып, керекті дәлелдемелерді кідіртпей, дер кезінде жинап алу үшін тергеуші заңда көрсетілген тергеу әрекеттерін жүргізу ережелерімен шектелмейді. Қай тергеу әрекетін жүргізгенде де ол осы арқылы неғұрлым көп және құнды дәлелдемелер жинап алу үшін осы сәтте қолайлы, ұтымды тергеу әрекетінің нәтижелігін арттыруға бағытталып, заңға қайшы келмейтін әдістер мен тәсілдерді қолданады.

Мұндай әдістерді қолданудың негізгі мақсаты, ол қылмыскердің қылмысын ашылуына кедергі жасау үшін қолданып отырған айла әрекеттерін ашкерелеп, іс бойынша объективті дәлелдемелер жинау.

Криминалистика ғылымының осындай тергеу үстінде әрқилы ситуациялық жағдайларға байланысты қолайлы әдістер мен тәсілдерді қолдану және тергеуді ұйымды, жоспарлы жүргізу жөніндегі қағидаларды оқытатын негізгі бір бөлімін криминалистика тактика дейді.

Сонымен, криминалистік тактика дегеніміз ол тергеу әрекеттерінің тиімділігін, нәтижелігін арттырып, іс бойынша керекті дәлелдемелерді дер

кезінде жинауға, мұнымен қатар тергеуді ұйымды және жоспарлы түрде жүргізуге бағытталған, заң шеңберінде қолданылатын тиімді де, қолайлы тәсілдер жөніндегі ғылыми ережелердің жиынтығы.

Жоғарыда айтқандай, тергеушінің тергеу әрекеттерін жүргізгенде алдына қоятын негізгі мақсаты - осы тергеу әрекетін жүргізу арқылы неғұрлым көп және құнды дәлелдемелер жинау, осы айтылғанмен тергеу әрекетінің нәтижелігін арттыру. Ал енді осы мақсатқа жету үшін әр тергеу әрекетін жүргізгенде тергеуші нақтылы туындап тұрған тергеу ситуациясына орай қолайлы, тиімді әдістер, заңға сыйымды айла-әрекеттер қолдану арқылы объективті және толық дәлелдемелер алуға тырысуы керек. Міне, осындай тергеу әрекетін жүргізгенде қолданылатын әдіс-айланы тактикалық тәсіл дейміз.

Тактикалық тәсіл дегеніміз ол заңға, этикалық талаптарға қайшы келмейтін, белгілі ситуациялық жағдайда, тергеу әрекетінің нәтижелігін арттыру үшін тергеушінің қолданатын арнайы айла-әдістері. Осы бір тергеу әрекетінің шеңберінде қолданылатын тактикалық тәсілдердің бір тергеу әрекетінің шеңберінде қолданылатын тактикалық тәсілдердің бірнеше түрі болады. Тергеу әрекетін жүргізу үстінде туындаған ситуациялық жағдайға байланысты осы ситуацияға тиімді және ыңғайлы тәсіл қолданылады. Кей жағдайда бір тергеу әрекетін жүргізгенде, бір кезекпен қолданылады. Мұны криминалистикада тергеу әрекетін жүргізу үстінде қолданылатын тактикалық комбинация дейді.


Тактикалық әдістердің, олардың комбинациясының қолданылуы тергеу ситуациясына байланысты екендігі жоғарыда айтылады. Сондықтан тергеу ситуациясы деген криминалистик санаттың ұғымына, түсінігіне тоқталайық.

Тергеу ситуациясы дегеніміз ол тергеудің белгілі бір кезеңінде айғақты мәліметтердің, дәлелдемелердің көлеміне және ерекшелігіне, істің мәнжайын анықтау мүмкіндігіне байланысты қалыптасатын жағдай, тактикалық комбинациялық операция дегеніміз ол тергеу үстінде тергеу ситуациясына байланысты қылмыстың мән-жайын анықтау үшін жүргізілетін тергеу әрекеттерінің, жедел-іздігі және басқа да ұйымдық жұмыстардың жиынтығы және оларды белгілі бір кезекпен тактикалық айламен қисындастырып жүргізу әдісі.

15.2 Криминалистикалық тактика мазмұны



15.3 Криминалистикалық тактика түпнұсқалары




15.4 Криминалистикалық тактиканың даму жолдары




15.5 Криминалистикалық тактика мазмұны



15.6 Криминалистикалық тактика түпнұсқалары



15.7 Криминалистикалық тактиканың даму жолдары



16 - ТАРАУ

Оқиға болған жерді қарау тактикасы.

16.1 Оқиға болған жерді қарау тактикасы түсінігі

Қылмысты істерді тергегенде әртүрлі объектілерді қарауға тура келеді. Жеке заттарды, мәйітті және басқа объектілерді қарау бірде дербес тергеу қарауының түрі болып саналады да, кей жағдайларда олар оқиға болған жерді қараумен қамтылады. Егер айтылған объектілер оқиға болған жерден тыс жерде қаралса, бұл қарау жеке тергеу әрекеті есебінен жүргізіледі.

Оқиға болған жер деген түсінікке оқиға болған жер және осы қылмыстық іздері табылған жер жатады. Оған қосымша бұл ұғымға қылмыс жасауға дайындық жұмыстарын жүргізген жер, қылмыс жасауға қолданған қару және басқа да айғақ заттарды тапқан жер де жатады. Олар жеке үй, бөлме, пәтер, ашық алаң, су айдыны, вагон, тағы басқа объектілер болуы мүмкін. Демек бір қылмыс бойынша бірнеше оқиға болған жер болуы мүмкін. Мысалы, адамды өлтіріп, оны басқа жерге апарып бөлшектеп, ол бөлшектерді әр жерге көмсе, кісі өлтірген жер де, өлікті бөлшектеген жер, ол бөлшектерді көмген жер оқиға болған жер деп танылады.

Осыған байланысты оқиға болған жер мен қылмыс болған жерді ажыратып түсіну керек. Қылмыстың болған жері ол тергеліп отырған қылмыстың нақтылы орын алған жері болса, оқиға болған жер оның құрамдас бөлігі.

Оқиға болған жер дегеніміз—қылмыстың жасалған жері және осы қылмыстың іздері табылған ашық алаң, пәтер, жеке үй тағы басқа объектілер.

Оқиға болған жерді қарау дегеніміз – іздерді, айғақ заттарды іздеп табуға, оларды алып, бекітуге және зерттеуге бағытталған, сонымен қатар жасалған қылмыстың мән – жайын, оның болу тетігін анықтау мақсатымен кідіртпей өткізілетін, заңда көрсетілген тергеу әрекеті.

Қылмысты оқиға бір немесе бірнеше адамдардың белгілі бір әрекет – қимылдарынан тұрғандықтан, олар айналадағы ортаға әсер етіп, қылмыс жасалған жерде көптеген іздер қалдырады. Осы өзгерістердің бәрін негізге ала отырып, оқиға болған жерді қарау үсінде тергеуші оқиғаның қалай болғанын, қылмыс жасау тетігі, оған қатынасқан адамдар жөнінде белгілі бір болжаулар жасай алады және ол жерден құнды деректерді тауып алып, оларды дәлелдеме есебінде пайдаланады.

Оқиға болған жерді қарау, тергеудің бастапқы кезеңінде, қылмысты іс қозғалмай тұрып-ақ жүргізіледі. Аталған тергеу әрекетін кешіктірмей, дер кезінде жүргізген жағдайда қылмысты ашуға керекті, өте құнды дәлелдемелер жинап алуға мүмкіндік туады.

Оқиға болған жерді қарау үсінде іздер, айғақ заттар белгілі бір криминалистік әдістер мен тәсілдер, арнайы құрал – саймандарды пайдалану

арқылы ізделіп, зерттелуі, объектілердің орналасуы, қылмыстың мән –жайы жөнінде мәліметтер алынып бекітілуі керек.

Оқиға болған жерді қарау екі кезеңге бөлінеді, олар шолып қарау және түйінді қарау.

Шолып қарау кезеңі. Міндеті оқиға болған жерді нақтылып анықтау, ондағы орналасқан объектілерді, ара қашықтығын, орналасуын, негізгі, түйінді қаралатып жерлерді алдын ала белгілеу, объектілерді қарау кезеңін реттеп шешу.

Түйінді қарау кезеңі. Оқиға болған жердегі әр объект бөлшек – бөлшегімен, жеке –жеке қаралып зерттеледі.

Оқиға болған жерді қарау, оқиға болған жердің ортасынан немесе шетінен басталады. Сонымен қатар оқиға болған жерді сүзе толық алға қарай, бір бағытта қарау әдісі де қолданылады.

Оқиға болған жердің шетінен бастап, спиралдық әдіспен оның ортасына қарай жүргізілетін қарауды орталыққа шоғырлану концентрлік әдісі дейді.

Егер де оқиғаның шегі қай жермен шектелетіні белгісіз болса, айталық мәйіт ашық алаңда жатыр, қарау ортадан басталып, спираль тәрізді бағытпен жүріп, оқиға болған жердің, тек аймақтарын қараумен аяқталса, ол эксцентрлік әдіс деп аталады.

Оқиға болған жерді қарау үстінде анықталған мәселелердің, табылған айғақтардың дәлелдеме есебінде іске тіркелуі оның қортындысының заң жүзінде дұрыс және толық бекітілуімен аяқталады.

Оқиға болған жерді қараудың барысын және қортындысын бекіту тәсілдері жалпы және жеке болып екіге бөлінеді.

Бекітудің жалпы тәсілі дегеніміз – оқиға болған жердің жалпы көрінісін толық көлемде бекіту болып табылады.

Бекітудің жеке тәсілі дегеніміз – қарау үстінде табылған іздердің үлгісін алу және айғақ заттарды бекіту болып танылады.

Оқиға болған жерді қарауды бекітудің негізгі және заңда нақтылап көрсетілген түрі – Хаттаманы толтыру үстінде анықталған барлық жағдайлар, табылған және алынған іздер, айғақ заттар толық объективті түрде белгілі бір кезекпен жазылуы тиіс.

Хаттама үш бөлімнен тұрады:

Біріншісі – оқиға болған жердің қай және қай уақытта, кімдердің қатынасуымен қаралғандығы, оқиға болған жердің мекен - жайы, орналасқан жері, қаралған объектілері, оқиға болған жер қандай жағдайда қаралғандығы туралы мәліметтерді қамтиды.

Екіншісінде – бейнелеп жазу арқылы қаралатын жердің ерекшелігі, мысалы: үй, пәтер неше бөлмеден тұрады, бөлмелердің орналасуы, есік терезелердің ерекшеліктері мен орналасуы т.б. көрсетіледі.

Үшіншісінде–қарау қортындысы, қандай айғақ заттар алынғаны т.б. бейнелеп жазу арқылы көрсетіледі.

Оқиға болған жерді қараудың қосымшасы бекіту әдістері ретінде оқиға болған жердің кестесі сызылып, объектілер фотосуретке түсіріліп хаттамға

тіркеледі. Хаттаманың соңғы жағында қарауға қатынасқан адамдар тарапынан наразылық не тілек–өтініштердің түскен – түспегені көрсетіліп, қатысушы адамдардың қол қоюы арқылы хаттама бекітіледі.

Оқиға болған жерді қарау кезінде мына сұрақтарды шешу қажет:

1. Ату қарулары шын мәнінде қолданған ба.
2. Қандай қару және оқ - дәрілер қолданылған.
3. Атылған оқтың бағыты мен ара қашықтығы қандай.
4. Қаруды атқан тұлғаның ату үстіндегі ықтималды тұрған жері.
5. Өзін - өзі ату фактілеріне жата ма.

6. Қарудың атылу жағдайы қандай, ол құлау, бірнәрсеге соғылу нәтижесінде атылып кеткен жоқ па т.б.

Оқиға болған жерде табылған қару жарақты қарау кезінде міндетті түрде мына талаптар сақталуы қажет:

- қаруда қалған іздерді толық анықтау, ол үшін қарудың шетінен немесе қолғап киіп ұстау.

- қарудың оқпанын өзіне немесе қоршап тұрған адамдарға қаратып ұстамау

- қару оқпанына қандай да бір заттарды тығуға, кіргізуге жол бермей, оқпанға абайлап қалпақ кигізу.

- міндетті түрде қарудан оқпанды алып тастау


- қару оқпанын ешқандай затқа тақамау

- шаппалы күрешке, атқыш ілмекке тиіспеу




- қаруды құлатпау

Қаруды қарау үшін таза қағаздың үстіне қойып тексеру, хаттамада қандай да бір бөгде объектілердің қол, шаш, мый, тері бөліктерінің табылғаны туралы мәліметтерді енгізу, тергеуге қажетті объектілер пакеттерге бөлек бөлек салынып, табылған жерлері туралы мәліметтер хаттамаға кіргізіледі.


16.2 Оқиға болған жерді қараудың негізгі міндеттері



16.3 Оқиға болған жерді қарау



Оқиға болған жерді қарау тактикасы



1 - диван - керует

2 - киімге арналған шкаф

3 - орындық

4 - тумбочкадағы телевизор

5 - кресло

6 - шкаф


7 - орындықтар

8 - стол

9 - мәйіт

10 - қан іздері

16.4 Алаңқайда оқиға болған жерді қарау тактикасы



1 - шағылған шынылар

2 - мәйіт

3 - полкалар

4 - бұзу орны

5 - бөшке

6 - жәшіктер

16.5 Оқиға болған жерді қарау жұмыстық кезеңіндегі тергеуші іс - әрекеттері




16.6 Оқиға болған жерді қарау кезіндегі шешілетін сұрақтар



17 – ТАРАУ

Тінту және алу тактикасы

17.1 Тінту және алу тактикасы мақсаты, түрлері



18 – ТАРАУ

Жауап алу тактикасы

18.1 Жауап алу тактикасы түсінігі

Жауап алу дегеніміз - заңда көрсетілген тергеу және сот әрекеті. Ол арқылы жасалған қылмыстың мән-жайлары жөнінде керекті деректі мәліметтер алынып, олар қылмысты ашуға пайдаланылады. Іс жүргізу жағдайына байланысты жауап беретін адамнан жауап алудың бірнеше түрі бар. Атап айтқанда, жәбірленушіден, сезікті адамнан, куәгерден, айыпкерден жауап алу деп бұл тергеу әрекеті төрт түрге бөлінеді. Кімнен жауап алынса да ол қылмыстық іс жүргізу заңында көрсетілген тәртіп бойынша жүргізілуі тиісті. Бірақ, іс бойынша неғұрлым көп, маңызды мәліметтер жинап, осы тергеу әрекетінің сапасын арттыру үшін жауап алғанда бұған тиімді, ыңғайлы тактикалық әдістер қолданылады. Бірақ, ол қаншалықты тиімді болғанымен ол заңда көрсетілген тәртіпке қайшы келмеуі керек.

Жауап алғанда қылмыстық оқиғаға қатысты мынадай мәліметтер: қылмыстың болған уақыты, оның орны, амал-әдісі, қылмысты кімдер жасағаны, істеген қылмыстың зардабы, залалы, сипаты мен мөлшері және қылмыстық оқиғаның басқа да мән-жайлары анықталады. Бұлар – заңда көрсетілген, міндетті түрде дәлілдеуге тиісті жағдайлар, қылмыстық оқиғаға тікелей қатынасы жоқ, бірақ қылмысты ашуға керекті аралық мәліметтер де алынады. Айталық, қылмыскердің қайда жүргенін, оның мекен-жайын білу үшін қылмыскердің ең жақын адамдарынан да жауап алуға тура келеді. Жауап алудың мұндай аралық түрінің, қылмыстық оқиғаға тікелей қатынасы болмаса да, істі тез ашуда, қылмыскерді тауып ұстауда, істің кейбір мән-жайын анықтауда үлкен маңызы бар.

Жауап алғанда қолданылатын тактикалық әдістер.

Жауап алғанда тергеуші мен жауап беруші адамның арасында белгілі бір қарым-қатынас қалыптасады. Психологиялық тұрғыдан ол қарым-қатынас олардың көзқарасында қайшылықтың бар-жоғына байланысты орнығады. Егер жауап беріп отырған адам өз еркімен шындықты, істің мән-жайын толық айтып отырса мұндай пікір қайшылығы жоқ жағдай деп есептеледі.

Ал, егер жауап беріп отырған адам жалған жауап беріп, істің кейбір мән-жайларын жасырып, айтқысы келмей жалтарса мұндай жағдай келіспеушілік, яғни қайшылықты жағдай деп саналады.

Іс бойынша толық мәлімдеме алу үшін осы екі жағдайда да белгілі бір тактикалық әрекеттер қолданылады.

Бірінші жағдайда тергеу әрекеттері ұмытылып қалған оқиғаның кейбір мән-жайын жауап беріп отырған адамның есіне түсіруіне бағытталса, екінші жағдайда тактикалық әдіс – жауап беріп отырған адамның өтірігін шығарып, әшкерелеп, оның шындықты айтуына мәжбүр етуіне бағытталады.

Айыпкерден жауап алудың тағы бір тактикалық әдістерінің бірі ішкі істер органдары арқылы жауап алу процесіне жедел-ізвестіру деректерін пайдалану. Мұндай деректер:


- жауап берушінің қылмысты оқиғаға қатыстылығын, оның жасалған қылмыс жөнінде қаншалықты хабардарлығын болжайтындай жеке сипатына, тергеу кезінде оның аталған істің нәтижесіне мүдделілігіне;

- қылмыстың жекелеген элементтерін жариялауға немесе қылмыстың жолын ашуға;


- жауаптау кезінде алынуы мүмкін дәлелдемелерді тексеру әдістеріне қатысты пайдаланылады.

Аталған деректерді жауап алу барысында пайдалану сипаты арқылы. Егер жауап берушінің жеке басына қатысты мәліметтер жауап алу тактикасын саралаған кезде ескеріліп, бірақ оның жауабында айтылмаса, жауапты тексерудің мүмкін жолдары туралы мәліметтер жауап алу процесінде ғана ескерілсе, онда қылмыстық оқиға және оның жасалу тәсілі туралы жедел-ізвестіру деректері жауап берушінің жауабына қолданылуы тиіс.

18.2 Жауап алудың негізгі түрлері



18.3 Жауап алу сатылары



19 – ТАРАУ

Беттестіру тактикасы

19.1 Беттестіру тактикасы түсінігі


Қылмысты істі тергеу үстінде өте жиі кездесетін жағдай – бұрын жауап алынған адамдардың жауаптарында елеулі қайшылықтар болуы.

Мұндай жағдайда, осы қайшылықтарды анықтап, оны жою үшін оларды беттестіріп, жауап алынады. Яғни, беттестіріп жауап алу дегеніміз бұрын жауап алынған екі адамды бірге отырғызып, бір мезгілде екеуінен қатар, қайтадан жауап алу. Беттестіру тек бұрын жауап алынған адамдардың арасында жүргізіледі. Куәгер мен куәгер, сондай-ақ куәгер мен айыпкер немесе айыпкер мен айыпкер беттестіріледі. Жауаптағы қайшылықтар әр түрлі себептерге байланысты болуы мүмкін. Бірде бұл жауап берушінің біреуінің жаңылуынан немесе кейде беттесуіне қатысып отырған жақтың біреуінің жалған жауап беруінен болады.

Беттестіру өте күрделі тергеу әрекеті, сондықтан оны сапалы, нәтижелі өткізу үшін тергеуші оған мұқият дайындалып, беттесу жүргізу үстінде белгілі тактикалық әдістерді қолдануы, заңда көрсетілген қылмысты іс жүргізу тәртібін қатаң сақтауы керек. Тергеу әрекетінің мұндай түрін өткізуге дайындық кезінде тергеуші мынандай мәселелерді шешіп алуы тиіс.

1. Беттестіру үстінде қандай қайшылықтарды шешу керек?
2. Беттестіруге қатынасып отырған адамдарға қандай сұрақтар қою керек?
3. Беттесуге қатынасатын адамдардан қандай кезекпен жауап алу керек?

19.2 Беттестіру тәртібі



20 – ТАРАУ

Ұстау тактикасы

20.1 Ұстау тактикасы түсінігі

Ұстау дегеніміз - қылмысты жасауы мүмкін деген сезікті адамды, оның кінәсі анықталып, айып жарияланғанша тұтқынға алуға байланысты кідіртпей жүргізілетін, заңда көрсетілген тергеу әрекеті.

Қылмыс үстінде немесе кейін қылмысқа тікелей қатысты қолға түскен, көзімен көргенде, оның ішінде жәбірленушілер, жаңағы адамды қылмыскер ретінде көрсеткен, күдік келтірген адамның денесінен не киімінен немесе оның тұрғын үйінен жасалған қылмыстың іздері табылған жағдайда ол адам тұтқынға алынады.

Заң бойынша, егер қылмыс жасады деуге негіз болатындай басқа да деректер кездескен, ол адам қашуға әрекет еткен немесе оның тұрақты мекені болмаған, сондай-ақ күдік келтірушінің аты-жөні анықталмаған жағдайда ғана ол күзетте ұсталуы тиіс. Сондай-ақ егер анықтау органдары жедел-ізвестіру немесе қылмыстық іс жүргізу заңына сәйкес басқа да шараларды жүзеге асырғанда қылмыс жасаған адам анықталса оның ұсталуы мүмкін.

Мұндай жағдайларда қылмыс жасады деп күдік тудырған адамды ұстау үшін прокурордың рұқсаты талап етілмейді. Анықтау органы тек күдік тудырушының қандай негізде ұсталғанын көрсетіп хаттама жазуға және бұл жөнінде заңда көрсетілген мерзім ішінде прокурорға хабарлауға міндетті.

Негізсіз ұстау заңдылықты өрескел бұзғандық болып есептеледі. Сондықтан бұған мейлінше сақ болу керек. Егер қылмыстық іс тергеушіде тергеу үстінде болса, онда қылмыс жасағаны туралы күдік тудырған адамды ұстау мәселесін, ең алдымен сол тергеуші шешеді.

Тәжірибеде байқалғандай, ұстаудың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар. Сондықтан оның тактикалық әдісі де әртүрлі. Алайда, мұның өмірдегі қолданылуын талдай келе, күдік келтірушілерді жекелеп те, топтап та қолға түсірудің сыннан өткен, үлгі ретінде қолданылатындай ортақ әдістерін бөле айтуға болады.

Ұстаудың тактикалық әдісін ұсталатын жерге орай қарау қалыптасқан. Сонымен бірге, қылмыскердің алдын ала әзірлік жүргізу арқылы және жағдай талап еткендей, ешқандай дайындықсыз-ақ ұсталатынын естен шығаруға болмайды.

Қылмыскерді ашық жерде кенеттен ұстаған жеңіл. Өйткені, ол Құқық қорғау органдарының қызметкерлерін көпшіліктің арасынан айыра алмай қалады. Дегенмен, сонымен бірге, мұндайда қылмыскердің қарулы қарсылық көрсетуі, сөйтіп, айналадағы адамдардың өміріне қауіп төндіруі мүмкіндігін де ескерген жөн. Сондықтан күдік келтірушінің көпшіліктен оқшауланып, жеке шыққан сәтін пайдаланып, кенеттен қолға түсіру керек. Ол үшін милицияның кем дегенде үшқызметкері күдік келтірушіге жақындап, оған ойда жоқта тап береді де, оны қарусыздандырады, ал үшіншісі қаруын әзірлеп, қандай


жағдайға болсын дайын тұрады. Өйткені, қарсы қарулы әрекет жасауы немесе бойындағы айғақтық заттарды, құжаттарды жоқ қылып жіберуге тырысуы әбден мүмкін. Мұндай да, әрине қылмыскердің күш қайратын алдын-ала ескеріп, оған сан жағынан да, айла жағынан да басым күшті жұмылдыруы қажет.

Бір топ қылмыскерді ашық жерде ұстау үшін де жеке қылмыскерді ұстағандай әдіс қолданылады, тек одан өзгешелігі әр қылмыскерді ұстауға жедел топтың жеке арнаулы қызметкері бөлінеді. Жедел топтың жетекшісі, мейлінше, ұтымды сәтті күтіп, сол сәт соққанда қимылға кірісуге бұйрық береді. Оның қарауында кез келген уақытта көмекке ұмтылатын қосымша күш әзір тұрады.

20.2 Ұстауға дайындық



20.3 Ұстаудың түрлері



21– ТАРАУ

Тергеу болжауының және тергеу жоспарының түсінігі, олардың өзара байланысы.

21.1 Тергеу болжауының және тергеу жоспарының түсінігі

Қылмыстың тез арада ашылу, тергеудің сапасы, тергеушінің істі тергеуге байланысты жұмысының мақсаты және ұйымды түрде жүруі тергеудің белгілі бір жоспарымен жүргізілуіне тікелей байланысты. Қылмысты іс қозғалғаннан кейін тергеу жоспарын жасау арқылы тергеуші тергеу үстінде шешілетін сұрақтарды толық айқындап алып, осы сұрақтарды нақтылы қандай тергеу әрекеттерін, жедел іздестіру және басқа да ұйымдық жұмыстарды жүргізу арқылы шешуге болатынын анықтап, белгілейді.

Сұрақтар тергеп отырған қылмыстың мән - жайын анықтауға байланысты болу керек. Сондықтан жоспарға кіретін сұрақтар осы қылмыс жөнінде тергеушінің ойынша жасаған болжауынан туындайды. Тергеп отырған қылмыстың қалай, қандай жағдайда болғанын тергеуші, әрине, өз көзімен көрген жоқ. Бірақ қылмысты толық және объективті тергеу үшін тергеуші қылмыстың қалай болғанын ойша болса да болжап, қылмыстың жасалу жолын көз алдына елестетіп көріп, оның бейнесін ойша жасап көру керек. Осындай ойша шығармашылық талдау процесінің үстінде осы қылмыстың қандай жағдайда болғандығы, қылмысқа қатынасқан адамдар және де қылмысты оқиғаның басқа да мәнжайлары жөнінде белгілі бір болжаулар пайда болады. Тергеушінің бұл ойша талдау арқылы жүргізетін шығармашылық, белгілі бір сұрақтарды шешуге бағытталған іздеу процесі логикалық гипотеза әдістеріне негізделеді. Сондықтан тергеу болжау логикалық табиғаты жағынан алғанда гипотезаның бір түріне жұмыс гипотезасына жатады.

Болжаудың мазмұны және мағынасын байланысты тергеу болжамы жалпы және жеке болып екі түрге бөлінеді. Жалпы болжау ол нақты қандай қылмыстың болғандығы жөніндегі тергеушінің ой-пікірі. Айталық, оқиға болған жерде өлік табылған жағдайда тергеуші осы оқиға жөнінде мына төмендегідей болжаулар жасай алады: жәбірленушіні біреу қасақана өлтірді, абайсызда өлтірді, не өзіне-өзі өлтірушілік. Атап айтқанда, мұндай жалпы болжауда қандай қылмыс жасалғандығы жөнінде белгілі бір пікір туындайды. Осы жасалған жалпы болжаудың әрқайсысынан сұрақтар туындап, олар жөнінде жеке болжаулар жасалады. Мысалы, қылмысты белгілі бір адамның жасағандығы, қашан, қай мезгілде және қандай қару пайдаланғандығы жөніндегі, т.б. сұрақ-болжаулар. Осындай шығармашылық талдаудан туындаған тергеу болжауларының бәрі бірдей тексерілуі керек. Бастапқы кезде жасалған болжаулардың бәрін бір кезекте қосарлы түрде тексеріп анықтау керек. Егер тергешеуші осы сәтте шындыққа жатады деп тапқан бір болжауды ғана тексерумен айналысса, кейін ол болжау бекітілмей қалған жағдайда, басқа болжаулардың тексерілуін кешіктіріп алады.

Сонымен тергеу болжау дегеніміз тергеудің белгілі бір кезеңдерінде туындаған жағдайларға, жиналған айғақты дәлелдемелерге негізделген қылмыстың түрі, оның болу тетігі және қылмыстың басқа да мән-жайлар жөніндегі тергеушінің ой-пікірі.

21.2 Тергеуді жоспарлаудың негізгі элементтері



21.3 Тергеу жоспарының негізгі принциптері, элементтер және жоспар жасау техникасы

Тергеу жоспарын жасау белгілі бір принциптерге негізделеді. Жоспарды жасау үстінде тергеушінің міндетті түрде ескеретін шартты принциптері бар. Олар: жоспардың индивидуальдығы, нақтылығы, серпінділігі, жоспарланған шаралардың іске асу айқындығы, заңдылығы және қолайлылығы.


Жоспардың индивидуальдығы дегеніміз ол жоспардың тікелей осы қылмысты ашуға, іске керекті не осы іске байланысты сұрақтарды анықтауға бағытталуы және қылмысты істі жүргізу үстінде жиналған дәлелдемелерге негізделуі. Анықталатын сұрақтарды, жүргізетін тергеу әрекеттерін және басқа да ұйымдық жұмыстарын тергеушінің тікелей өзінің жоспарлауы оның бұл бағыттағы жұмысын шығармашылық арнаға түсіреді, сонымен қатар тергеушінің жауапкершілігін арттырады.

Тергеу жоспарының нақтылығы дегеніміз ол анықтауға жататын сұрақтардың түсінікті және анық болуы, осы сұрақтарды шешу жолдарының нақтыланып көрсетілуі. Жоспарда жалпы және декларативті сипатта көрсетілген тармақтардың болмауы шарт. Егер де іс бойынша анықталуға жататын жалпы сұрақтар болса олар нақтыланып, анықталып көрсетілуі керек. Сұрақтардың анық көрсетілуі оларды тез арада шешіп, анықтауды жеңілдетеді.

Тергеу жоспары ойша және жазбаша түрде жасалады. Тергеудің бастапқы кезеңінде қылмыстық іс бойынша мәліметтердің аз мезгілінде тергеуші өз

жұмысын ойша жоспарлайды. Кейбір кідіртпей жүргізуді қажет ететін әрекеттері жоспарсыз да жүргізіледі. Айталық, қылмыс жөнінде хабар алысымен тергеуші оқиға болған жерге барып қарайды және осы қараудың қорытындысынан туындаған тергеу әрекеттерін өткізеді. Осы тергеу шараларын жүргізіп, орындаудан жиналған дәлелдеме деректерді сараптап, оларды айқындап, анықтау арқылы тергеу болжауларын жасап, осы болжауларды тексеруді жоспарлайды.

21.4 Криминалистикалық болжамдар және тергеуді жоспарлау



22 – ТАРАУ

Кісі өлімін тергеу әдістемесі

22.1 Кісі өлімін тергеу әдістемесі түсінігі

Кісі өлтіру, яғни басқа адамға құқыққа қарсы қасақана қаза келтіру (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 96 - бап.)

Кісі өлтірудің әр түрлі әдістері бар. Мысалы, әр түрлі тұрмыстық заттар мен т.б. құралдарды қолдану арқылы іске асқан кісі өлімі, кісіні уландыру жолдары, тұншықтыру, суға батырып жіберу және т.б. көптеген әдістері бар.

Жалдамалы кісі өлтіру ерекше қауіпті болып табылады. Оны іске асырушы арнайы қылмысқа әбден дайындалған қылмыс жасаған адам болуы мүмкін. Кісі өлімін жасыру үшін қылмыс жасаған адам кейде мәйіттің көзін жояды немесе жоюға тырысады, бөлшектеп тастайды немесе бетін адам танымастай етіп өзгертеді. Ал кей жағдайда өзін - өзі өлтіргенге келтіруі немесе байқаусызда болғандай етіп көрсеткісі келеді, жай өз өлімімен өлгендей етіп те көрсеткісі келетіндер де кездеседі.

Кісі өлімі кезінде оқиға болған жерде әрқашан көптеген заттай дәлелдемелер, іздер қалады: мәйіт, мәйіттің бөлшектенген іздері немесе мәйітті жасырған іздер, қолданылған қылмыс құралының іздері. т.б.

Кісі өлімін тергеу ісінде мындай жағдайларды анықтап алу керек:

1. Кісі өлімі қай кезде болды?
2. Қылмыс қашан, қайда және қандай жағдайда жасалды?
3. Тұлғаны өлтірген кім және оны белгілі бір адамдар тобы жасаған жоқ па, егер олай болса, олардың ішіндегі әр адамның мінездемесі, айыпталушының жауапкершілігін ауырлататын немесе жеңілдететін жағдайлар бар ма?
4. Жәбірленуші кім, оның мінездемесі қандай?
5. Қылмыс зардабы мен сипаты қандай?
6. Кісі өліміне қандай жағдайлар себеп болды?

Бастапқы кезеңде кісі өлімін тергеудің жағдайы болып мыналар табылады:


1. Кісі өлімі куәнің көз алдында болғанда, яғни істің басынан бастап жәбірленуші мен сезікті адам белгілі болған кезде. Мұндай жағдайда кісі өлтіруші мен оның болашақ құрбаны арасында, әдетте келіспеушілік пайда болады, ол ұзаққа созылады және олардың мұндай қарым - қатынастары туысқандарына, таныстары мен қызыметтестеріне құпия емес. Бұл жағдай үшін келесі тергеу әрекеттерінің шеңбері мен кезегі тән: сезіктіні ұстау, тінту және сезікті адамды куәландыру, қылмыс болған жерді қарау, сезікті адамнан жауап алу, куәлардан жауап алу мәйітке байланысты сот - медициналық, криминалистикалық және т.б. сараптамаларда тағайындау.

2. Кісі өлімі қарақшылық шабуылдан немесе жыныстық қатынас немесе бұзақылық әрекеттердің салдарынан болады. Мұнда жәбірленуші белгілі, бірақ жәбірленуші (сезікті адам) белгісіз. Дәл осындай жағдай қылмыстық,

түсініспеушілік кезінде, сонымен қатар көптеген, жалдамалы кісі өлтіру кезінде туындайды.

Тергеудің бастапқы кезеңінде әдетте мынадай тергеу әрекеттері жүргізіледі: оқиға болған жерді қарау, куәлардан жауап алу, сот - медициналық, криминалистикалық және т.б. сараптамалар тағайындау, сонымен қатар тез арада сезіктіге іздеу салу шаралары жүргізіледі.


22.2 Кісі өлтіруде тергеу әдістемесі




22.3 Кісі өлтірудің негізгі тәсілдері



Кісі өлтіруді тергеудің алғашқы кезеңіндегі кәдімгі жағдайлар



22.4 Күш қолдану арқылы өлтірген белгілері бар мәйіт табылған іс бойынша тергеушінің алғашқы әрекеттері



Жол көлік оқиғасын тергеу әдістемесі.

**23.1 Жол көлік оқиғасының криминалистикалық сипаттамасы.
Анықтауға тиісті жағдайлар**

Автокөліктің, трамвайдың немесе транспорттық механизмдердің жүргізушілері абайсызда жолда жүру ережесін бұзу арқасында адамдардың денсаулығына қауіп төндірсе, бір немесе бірнеше адамның өліміне әкелсе, жол көлік оқиғасы болған жерді тастап кеткен кезде немесе жүргізушілердің жолда жүру ережесін бұзған кезде, яғни жоғарыда айтылғандар орын алған кезде ол қылмыстық жазаланушы ісі деп танылады. Жол көлік оқиғасының криминалистикалық сипаттамасы болып келесі элементтер саналады.

Жол көлік оқиғасы болған жағдай көбінесе көлік көп қатынайтын және жаяу жүрушілер мол қалаларда болады деп есептеледі. Жол көлік оқиғасы көп жағдайда жүргізушілердің жолда жүру ережесін сақтамағанынан болады.

Жол көлік оқиғасы жасалу механизмі бойынша келесі түрлерге бөлінеді: жаяу жүрушіні басу, автокөлік соқтығысы, олардың төңкерілуі, басқа заттарды басу, жолаушылардың автокөліктен түсіп қалуы.


Жол көлік оқиғаға қатысты барлық жүргізушілердің мастығын анықтауға байланысты жүргізуші медициналық тексеруге жіберіледі. Жол көлік оқиғасы кезіндегі алғашқы тергеу жағдайларын үшке бөлуге болады.

а) жүргізуші, автокөлік және жәбірленуші оқиға болған жерде болады немесе олар белгілі бір жағдайлармен жоқ болады. Бұл көбінесе көліктер соқтығысында болатын жағдайлар. Тергеуде толық мәлімет бар. Анықтаушылардың бұл жағдайдағы атқаратын ісі - оқиға орнын қарау, оқиғаны көрген адамдардан жауап алу, жәбірленуші мен жүргізушілік тексеруден өткізу;


ә) жәбірленуші оқиға орнында болып, ал жүргізушінің көлігі оқиға орнында жоқ болуы немесе жүргізуші жайында анық мәліметтің жоқ болуы оқиға орнын қарағаннан кейін, оқиғаны көрген адамдардан, жәбірленушіден жауап алу, содан кейін оны сот-медициналық сараптамаға жіберу, қажет болса куәлар мен жүргізушіні бетпе-бет кездестіру.

б) жәбірленуші мен көлік оқиға орнында болып, жүргізушінің жоқ болуы. Бұл жағдайда жәбірленуші мен куәлар жүргізушінің қылмысын байқап қалуы мүмкін, өйткені, жүргізуші оқиға болған жерден кетпес бұрын көліктен түсіп жәбірленушінің өлген жағдайда немесе ес-түссіз жатқан жағдайда екеніне көзін жеткізеді. Жүргізуші ұсталғаннан кейін оның осы қылмысқа қаншалықты қатыстылығын сот-медициналық сараптамасы және т.б. сараптамалар бойынша тәркілейді, оның автокөлік жүргізушісі екенін алған дене зақымдарынан анықтауға болады.


23.2 Жол көлік оқиғалар түрлері




23.3 Анықтауға жататын мән – жайлар



23.4 Жол көлік оқиға себебіне байланысты құрылатын типтік болжамдар



23.5 Жол - көлік (автотехникалық) сараптама шешетін сұрақтар



Пара алу ісін тергеу әдістемесі.

24.1 Пара алу ісінің криминалистикалық сипаттамасы. Анықталатын жағдайлар

Пара алу – лауазымды адамның өзі немесе делдал арқылы пара берушінің немесе оның өкілі болған адамның пайдасына жасаған іс-әрекеті (әрекетсіздігі) үшін, ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлікке құқығы немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде пара алуы. Егер, мұндай іс-әрекет (әрекетсіздік) лауазымды адамның қызметтік өкілеттігіне кіретін болса, не ол қызметтік жағдайына байланысты осындай іс-әрекетке (әрекетсіздікке) мүмкүндік жасаса, сол сияқты жалпы қамқоршылығы немесе қызметі бойынша жол берсе іс тергеуге алынады (Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі 311 –бап).

24.2 Парақорлыққа делдал болу


Парақорлыққа делдал болу – яғни пара алушыға және пара берушіге пара алу мен беру туралы олардың арасындағы келісімге қол жеткізуге немесе іске асыруға жәрдемдесу. Пара алу - өте қауіпті қызметтік қылмыстардың бірі. Ол күнделікті өмірдің барлық саласында дерлік кездеседі.

Пара түрінде көбінесе ақша, ал кейде бағалы заттар беріледі. Кейінгі кезде ақшалай немесе заттай параның құны күрт өсіп кетті. Пара алу ісінің тергелуі және оның ашылуы қиын қылмыстардың бірі. Ол өзіне тән із жинау құрылымының ерекшеліктерімен түсіндіріледі.

Пара алу ісін тергеу кезінде анықталатын жағдайлар:

1. Пфра алу, беру жағдайы болды ма;
2. Пара қандай зат арқылы берілді;
3. Пара алушы мен пара беруші кім;
4. Қылмыс жағдайы қалай;
5. Пара қандай мақсатпен берілді;
6. Пара берушінің пайдасына сәйкес әрекеттер жасалды ма;
7. Пара алушылардың әрекетінде басқа қылмыс белгілері бар ма;
8. Қылмыскердің әрекетінен ысылғандық белгі байқала ма;
9. Пара берушінің әрекетінде оны қылмыстық жауапкершілігінің босататын жағдай бар ма;
10. Пара алуға қандай жағдайлар итермеледі.


24.3 Парақорлықты тергеу әдістемесі



24.5 Парақорлықты тергеудің алғашқы кезеңіндегі типтік ситуациялар мен тергеуші әрекеттері



24.6 Пара берушінің арызы және ол бұл туралы біледі және оны жазалауға қатысуға әзір





Белгібеков Ербосын Сырдарбекұлы, 1950 жылы туған. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген.

1971-1998 жж. Ішкі істер органдарында қызмет атқарған: 1972-1973 жж. Талдықорған қалалық атқару комитетінің шешімімен патрульдік қызметтің үздігі ретінде, Талдықорған қаласының еңбек озаттары тақтасына суреті ілініп марапатталған, 1976 ж. Талдықорған облысы бойынша үздік участка инспекторы ретінде танылып, Облыстық ішкі істер басқармасының құрмет грамотасымен марапатталған, Талдықорған қаласында тергеуші, аға тергеуші, Облыстық ішкі істер басқармасында аса маңызды істер жөніндегі аға тергеуші, Облыстық тергеу бөлімінің, басқарма бөлімшесі жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарған.

1991-1996 жылдары СССР ІІМ Талдықорған облысы бойынша ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес басқармасының, Кеңес одағы тараған соң Қаз ССР-інің осы облыс бойынша тергеу бөлімі бастығы қызметтерін атқарған.

1997 жылы Талдықорған облысы МТК-і бас басқармасының, аса ауыр қылмыстарды тергеу мен жедел-ізвестіру қызметінің жұмыстарын ұйымдастыру басқарма бастығының орынбасары қызметін атқарған, ІІМ-нің полковнигі, Қаз.ССР ішкі істер қызметінің үздігі, Үздік тергеуші төс белгілерімен марапатталған. 1,2,3-дәрежелі ІІМ медальдарының иегері, Алматы облыстық адвокаттар алқасының мүшесі.

2000-2003 жылдары Д.А.Қонаев атындағы университетінің Талдықорған қаласындағы филиалында аға оқытушы, кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарған.

І.Жансүріров атындағы ЖМУ университетінде 2003- жылдан істейді, осы университеттің құрметті доценті.

Е.С. БЕЛГІБЕКОВ

**КРИМИНАЛИСТИКА МЕН ҚЫЛМЫСТЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН
ТҮРІН ТЕРГЕУ ӘДІСТЕМЕСІ
(оқу құралы)**

Компьютерлік қалыптаушы және корректор С.Д. Шудабаева
Мұқабаның дизайнері С.А. Липшиц
Баспашы А.М. Жұмасейтов

Басуға қол қойылды 14.08.2013 ж.
Әріп түрі «Times New Roman». Қалыбы 60x84
Офсетті қағаз. Таралымы 50 дана. Ш.т.б. 6.25
Тапсырыс № 00707

«Жетісу университеті» баспа бөлімі
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
040009 Талдықорған, Жансүгіров көшесі, 187а